

ISSN 2616-7174

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of the L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ЖУРНАЛИСТИКА сериясы

JOURNALISM Series

Серия **ЖУРНАЛИСТИКА**

№3 (124) / 2018

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Астана, 2018

Astana, 2018

Бас редакторы **Қайрат Сак**

филология ғылымдарының кандидаты, профессор (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Аймұханбет Есдәулетов** *ф.ғ.канд., доцент (Қазақстан)*

Бас редактордың орынбасары **Гүлнар Кендірбай** *PhD (АҚШ)*

Редакция алқасы

Алдабергенов Қырықбай	Т. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Асанов Қойлыбай	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Әбдіманов Өмірхан	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Әбішева Вера	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Бейсенқұлов Аязби	Ф. ғ. к., доцент (Қазақстан)
Браун Михаил	PhD, проф. (АҚШ)
Дзялошинский Иосиф	Ф. ғ. д., проф. (Ресей)
Жақып Бауыржан	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Жусупова Алматы	ф.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Ирназаров Кудрат	Т. ғ. д., проф. (Өзбекстан)
Корконосенко Сергей	Саяси ғ. д., проф. (Ресей)
Қара Әбдіуақап	Т. ғ. д., проф. (Түркия)
Қозыбаев Сағымбай	Т. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Лебедева Татьяна	Ф. ғ. д., проф. (Франция)
Нұртазина Роза	Саяси ғ. д., проф. (Қазақстан)
Омашев Намазалы	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Ризун Владимир	Ф. ғ. д. проф. (Украина)
Саид Агил бин Шех	PhD, проф. (Малайзия)
Саудбай Мадияр	PhD, проф. (Қазақстан)
Сердәлі Бекжігіт	Ф. ғ. к., доцент (Қазақстан)
Тахан Серік	Т. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Тоқтағазин Мұратбек	Ф. ғ. к., доцент (Қазақстан)
Халилов Әбдіғани	PhD, проф. (Қырғызстан)
Ченгел Хулия	PhD, проф. (Түркия)
Шайхитдинова Светлана	Филос.ғ.д., проф. (Ресей)
Шалахметов Ғаділбек	Халықаралық Еуразиялық телевидение және радио академиясының академигі (Қазақстан)
Шестеркина Людмила	Ф. ғ. д., проф. (Ресей)
Шульцман Петр	Өнертану ғ. к., доцент (Қазақстан)

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

Жауапты хатшы: Гүлжазира Ертасова

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қ.Сәтпаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31413) E-mail: vest_journalism@enu.kz

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ЖУРНАЛИСТИКА сериясы

Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК.

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27. 03. 2018 ж. №16995-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 25 дана.

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31413)

© **Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті**

Editor-in-Chief **Kairat Sak**
Candidate of Philology, Professor (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Aitmukhanbet Yesdauletov** *Candidate of Philology, Associate Professor (Kazakhstan)*
Deputy Editor-in-Chief **Gulnar Kendirbai** *PhD, Professor (USA)*

Editorial board

Aldabergenov Kyrykbai	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Asanov Koilybay	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Abdimanov Omirkhan	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Abisheva Vera	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Beisenkulov Ayazbi	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Brown Michael	PhD, Prof. (USA)
Dzyaloshinski Iosif	Doctor of Philology, Prof. (Russia)
Jakyp Baurjan	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhussupova Almatay	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Irnazarov Kudrat	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Uzbekistan)
Korkonosenko Sergei	Doctor of Political Sciences, Prof. (Russia)
Kara Abdulvahap	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Turkey)
Kozybayev Sagymbai	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Lebedeva Tatiana	Doctor of Philology, Prof. (France)
Nurtazina Roza	Doctor of Political Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Omashev Namazaly	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Rizun Volodymyr	Doctor of Philology, Prof. (Ukraine)
Syed Agil bin Shekh	PhD, Prof. (Malaysia)
Saubayev Madiyar	PhD, Prof. (Kazakhstan)
Bekzhigit Serdaly	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Takhan Serik	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Toktagazin Muratbek	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Khalilov Abdygani	PhD, Prof. (Kyrgyzstan)
Çengel Hülya	PhD, Prof. (Turkey)
Shaikhitdinova Svetlana	Doctor of Philosophy, Prof. (Russia)
Shalakhmetov Ghadilbek	Academician of the International Eurasian Academy of Television and Radio (Kazakhstan)
Shesterkina Ludmila	Doctor of Philology, Prof. (Russia)
Shultsman Petr	Candidate of Art, Assoc. Prof. (Russia)

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev
Executive Secretary: Guljazira Yertasova

Editorial address: 2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31413) E-mail: vest_journalism@enu.kz

Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. JOURNALISM Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity off economic conduct «L.N. Gumilyov Eurasian National University», Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan.

Registration certificate No 16995-Ж from 27.03. 2018.

Periodicity: 4 times a year Circulation: 25 copies

Address of printing house: 13/1, Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31413)

© **L.N. Gumilyov Eurasian National University**

Главный редактор **Кайрат Сак**
кандидат филологических наук, профессор (Казахстан)

Зам. главного редактора **Айтмуханбет Есдаuletов** к.ф.н., доцент (Казахстан)
Зам. главного редактора **Гульнар Кендирбай** PhD (США)

Редакционная коллегия

Алдабергенов Кырыкбай	Д. ист. н., проф. (Казахстан)
Асанов Койлыбай	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Абдиманов Омирхан	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Абишева Вера	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Бейсенкулов Аязби	К. ф. н., доцент (Казахстан)
Браун Михаил	PhD, проф. (США)
Дзялошинский Иосиф	Д. ф. н., проф. (Россия)
Жакып Бауыржан	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Жусупова Алматы	К. ф. н., доцент (Казахстан)
Ирназаров Кудрат	Д. ист. н., проф. (Узбекистан)
Корконосенко Сергей	Д. полит. н., проф. (Россия)
Кара Абдиуакап	Д. ист. н., проф. (Турция)
Козыбаев Сагимбай	Д. ист. н., проф. (Казахстан)
Лебедева Татьяна	Д. ф. н., проф. (Франция)
Нуртазина Роза	Д. полит. н., проф. (Казахстан)
Омашев Намазалы	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Ризун Владимир	Д. ф. н., проф. (Украина)
Саид Агил бин Шех	PhD, проф. (Малайзия)
Саудбай Мадияр	PhD, проф. (Казахстан)
Сердали Бекжигит	К. ф. н., доцент (Казахстан)
Тахан Серик	Д. ист. н., проф. (Казахстан)
Токтагазин Муратбек	К. ф. н., доцент (Казахстан)
Халилов Абдигани	PhD, проф. (Киргизстан)
Ченгел Хулия	PhD, проф. (Турция)
Шайхитдинова Светлана	Д. филос. н., проф. (Россия)
Шалахметов Гадильбек	Академик Международной Евразийской академии телевидения и радио (Казахстан)
Шестеркина Людмила	Д. ф. н., проф. (Россия)
Шульцман Петр	К. н. искусств., доцент (Казахстан)

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев
Ответственный секретарь: Гульжазира Ертасова

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 408
Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413) E-mail: vest_journalism@enu.kz

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ЖУРНАЛИСТИКА
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК.
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16995-Ж от 27. 03. 2018 г.
Периодичность: 4 раза в год.
Тираж: 25 экземпляров.
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: (7172) 709-500 (вн.31413)
© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

ЖУРНАЛИСТИКА ТАРИХЫ

<i>Садықов С.</i> Ұлттық даму мәселелері мен проблемалары «Қазақ әдебиеті» газетінде	8
--	---

БАСПА ІСІ ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ БАҚ

<i>Тоқтагазин М.Б., Амангелдиева Г.С.</i> Дәстүрлі БАҚ-тың Интернет медиаға көшудегі негізгі құралдары	19
--	----

БАҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

<i>Білдабекова Ә.Т., Тәжібаев Ғ.Қ.</i> БАҚ және Қазақстандағы цифрландыру жүйесі	24
<i>Есенбекова Ұ.М.</i> Саяси коммуникация жүйесіндегі ашық пікір мен шынайы ақпаратқа деген сұраныс	32
<i>Қунгурова О.Г., Ермоленко В.С.</i> Спорт имиджін болашақта зерттеудің теориялық аспектілері	38
<i>Нурумов К.С., Атанаева М.К., Булдыбаев Т.К., Оспанов У.А., Акоева И.Г.</i> Жарияланған мәтіндік ақпаратты талдауға негізделген қоғамға әсерді бағалау үшін ақпараттандырудың маңыздылығын кешенді бағалау	44

ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС

<i>Молдабаев Х.С.</i> Денсаулық сақтау ұйымдарындағы PR маманы қызметіндегі 5 негізгі бағыт	53
---	----

ЖАҢА МЕДИА

<i>Асанов К.Д., Малгаждар А.С.</i> Әлемдік ақпаратқа сұраныс: қажеттілік және қолжетімділік	63
<i>Булатова М.Б.</i> Қазақстанда инновациялық медианың негізгі функцияларының жүйелік сипаттамалары: коммуникативтік және прагматикалық аспект.....	72
<i>Құтым Л.Қ., Есенбекова Ұ.М.</i> Жаңа дәуір медиалары және ақпараттық-психологиялық қауіпсіздік мәселелері	82

Contents

HISTORY OF JOURNALISM

<i>Sadykov S.</i> The issues and problems of national development in the newspaper «Kazakh literature»	8
--	---

PUBLISHING AND INTERNET MEDIA

<i>Toktagazin M.B., Amangeldiyeva G.S.</i> The main tools of transition of traditional media to the Internet media	19
--	----

MASS MEDIA AND SOCIETY

<i>Bildebekova A.T., Tazhibayev G.K.</i> Media and Digitalization System in Kazakhstan.....	24
<i>Yessenbekova U.M.</i> Demand for free opinion and objective information in the system of political communication	32
<i>Kungurova O.G., Ermolenko V. S.</i> Theoretical Aspects of Perspective Studying of Sport Image	38
<i>Nurumov K.C., Atanaeva M.K., Buldybaev T.K., Ospanov U.A., Akoeva I.G.</i> Comprehensive assessment of the importance of informative features for assessing the impact on society based on the analysis of published textual information	44

PUBLIC RELATIONS

<i>Moldabayev K.S.</i> 5 main areas of work of a PR specialist in health care organizations	53
---	----

NEW MEDIA

<i>Asanov K.D., Malgazdar A.S.</i> Demand for Worldwide Information: Need and Availability	63
<i>Bulatova M.B.</i> System characteristics of the key functions of innovative media in Kazakhstan: the communicative and pragmatic aspect	72
<i>Kutym L.K., Esenbekova U.M.</i> Issues of information and psychological safety in modern media resources	82

Содержание

ИСТОРИЯ ЖУРНАЛИСТИКИ

<i>Садыков С.</i> Проблематика и вопросы национального развития в газете «Қазақ әдебиеті»	8
---	---

ИЗДАТЕЛЬСКОЕ ДЕЛО И ИНТЕРНЕТ СМИ

<i>Тоқтагазин М.Б., Амангелдиева Г.С.</i> Основные инструменты перехода традиционного СМИ в Интернет медиа	19
--	----

СМИ И ОБЩЕСТВО

<i>Билдабекова А.Т., Тажибаяев Г.К.</i> СМИ и система цифровизации в Казахстане	24
<i>Есенбекова У.М.</i> Спрос на свободное мнение и объективную информацию в системе политической коммуникации	32
<i>Кунгурова О.Г., Ермоленко А.С.</i> Теоретические аспекты перспективного изучения имиджа спорта	38
<i>Нурумов К.С., Атанаева М.К., Булдыбаев Т.К., Оспанов У.А., Акоева И.Г.</i> Комплексная оценка значимости информативных признаков для оценки влияния на социум на основе анализа публикуемой текстовой информации.....	44

СВЯЗЬ С ОБЩЕСТВЕННОСТЬЮ

<i>Молдабаев Х.С.</i> 5 основных направлений работы PR-специалиста в организациях здравоохранения	53
---	----

НОВЫЕ МЕДИА

<i>Асанов К.Д., Малгаждар А.С.</i> Спрос на мировую информацию: потребность и доступность	63
<i>Булатова М.Б.</i> Системные характеристики ключевых функций инновационных медиа Казахстана: коммуникативно-прагматический аспект	72
<i>Кутым Л.К., Есенбекова У.М.</i> Вопросы информационной и психологической безопасности в современных медиа ресурсах	82



XҒТАР 19.01.29

Х.С. Молдабаев

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E mail: moldabaev@mail.ru)*

Денсаулық сақтау ұйымдарындағы PR маманы қызметіндегі 5 негізгі бағыт

Аңдатпа. Елімізде денсаулық сақтау саласында жүргізіліп жатқан реформалар ауқымды. Мәселен, жақында қабылданған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын мысалға алатын болсақ, өте ауқымды. Оның ішінде ерекше атап өтетін тарау, мемлекеттің органдардың қызметін цифрландыру болып табылады. Осы тарауда денсаулық сақтау саласына қатысты үлкен көңіл бөлінген. Жалпы мемлекеттік деңгейді медициналық қызметтің сапасын арттырып, оны қарапайым азаматтар үшін қолжетімді ету мақсаты тұр. Алайда оның барлығы халыққа түсінікті тілмен және дер кезінде жеткізіліп жатқан жоқ. Қарапайым халық, әсіресе ауыл тұрғындары цифрландырудың не екенін, оның ішінде денсаулық сақтау саласындағы жаңашылдықтар нені меңзейтінін анық білмейді. Осы ретте қоғаммен байланыс бөлімінің немесе мамандарының атқаратын рөлі зор.

Мақалада осы бағытта PR маманының атқаруы тиіс шаралары қарастырылған. Әсіресе қоғаммен байланыс маманының іске асыруы тиіс 5 негізгі бағытындағы шаралар кеңінен қамтылған.

Түйін сөздер: қоғаммен байланыс, денсаулық сақтау саласы, баспасөз конференциясы, бренд, ресми сайт, әлеуметтік желілер мен ішкі PR.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2018-124-3-53-62>

Кіріспе. Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялар қарқынды түрде дамып келеді. Әлем сарапшылары қазіргі таңда жұмыс істеп жатқан мамандықтардың көпшілігі кейін жойылып, олардың орнын автоматтандырылған жүйелер алмастырады деген пікірлерді жиі айта бастады. Алайда қоғаммен байланыс мамандығы керісінше, осы жаңа технологиялардың біздің қоғамымызға енгізілуі барысында айрықша рөл атқаруы тиіс. Мәселен, жақында қабылданған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын мысалға алатын болсақ, өте ауқымды. Оның ішінде ерекше атап өтетін тарау, мемлекеттің органдардың қызметін цифрландыру болып табылады [1]. Осы тарауда денсаулық сақтау саласына қатысты үлкен көңіл бөлінген. Жалпы мемлекеттік деңгейді медициналық қызметтің сапасын арттырып, оны қарапайым азаматтар үшін қолжетімді ету мақсаты тұр. Мұнан бөлек, аурулардың алдын алуда басты міндеттердің бірі. Осы мақсаттарға жету үшін денсаулық сақтау саласын цифрландыру мәселесі өзекті болып табылады. Мұндағы негізгі мақсат – әр азаматтың денсаулығын бақылау арқылы, денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру, медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру, медицинада жіберілетін қателіктердің алдын алу, емделуші мен оның денсаулығы туралы ақпарат енгізілетін жүйені құру болып табылады.

Зерттелуі. PR маманының жұмысындағы әдістер көп. Бұл ретте әр қоғаммен байланыс маманы үшін ең маңызды рөл атқаратын мекеменің ресми сайты болып табылады. Мэт Хейг өз еңбектерінде сайт алдына қойылатын нақты мақсатты айқындап алу туралы айтады. Әр мекеме алдындағы мақсат, өз компаниясының имиджін жақсы қырынан қалып-

тастыру. Компания имиджі бірнеше жұмысқа байланысты. Оның ішінде ең маңыздыларының бірі сайттың жұмысына байланыст Мэт Хейг интернет ресурстарында жазылатына мәтіндерге қойылатын талап туралы айтады.

Мақсаты. Денсаулық сақтау өміріміздегі маңызды сала деп есептеледі. Денсаулығы сыр берген жағдайда адамдар бірден дәрігерлердің көмегіне жүгінеді. Алайда барлығы үнемі көңілден шыға бермейді. Бірқатар азаматтардың медициналық қызмет көрсету сапасына көңілдері толмайтындықтан олар әлеуметтік желілерде сыни көзқарастарды жазып, тиісті денсаулық сақтай ұйымдарын, оның қызметкерлерін жамандай бастайды. Алайды кінә барлық жағдайда медицина қызметкерлерінен емес. Сондықтан қоғаммен байланыс маманы бұл мәселелерді реттеу керек. Менің алға қойған мақсатым осы PR маманының атқаруы тиіс жұмыстарын жүйелеп көрсету.

Негізгі бөлім. Жалпы 2004 жылы елімізде Ұлттық телемедициналық желі құрылғаны белгілі. Бірақ көпшілікке осыдан 14 жыл бұрын енгізілген жаңашылдық беймәлім болуы ықтимал. Бұл ретте «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында келтірілген көрсеткіштерді мысалға алатын болсақ ауқымды жұмыс атқарылғанын байқаймыз. Мәселен, 2016 жылдың соңына қарай телемедицина желісі 204 денсаулық сақтау нысанын біріктіріпті, оның көмегімен аудандық деңгейдегі медициналық ұйымдардың (144 аудандық және қалалық ауруханалар) қызметкерлері облыстық және республикалық ауруханалар мен орталықтардағы әріптестерінен кеңестер ала алған. 2016 жылы 28060 телемедициналық кеңес өткізілді, әсіресе, кардиология бойынша – 4 674 сеанс, пульмонология бойынша – 3 666 сеанс, неврология бойынша – 2 720 сеанс неғұрлым сұранысқа ие болды. 2004 жылдан бастап 2016 жылдар аралығында медициналық ұйымдардың емделушілері жалпы саны 133 мыңнан астам телемедициналық кеңес алды. Әрине бұл қуантарлық жағдай. Бірақ осындай жұмыстардың атқарылып жатқанын кім біліп жатыр? Жалпы телемедицина мүмкіндіктері туралы жұрт біле ме? оның қашаннан бастап іске асырылып жатқанынан хабардар адамдар аз сыңайлы. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында денсаулық сақтау саласына қатысты енгізілетін жаңашылдықтар туралы неге қарапайым халыққа ақпарат түсінікті етіп жеткізілмейді және бұған кім жауапты? Осы сауалдар халықты толғандыратыны сөзсіз. Оның үстіне еліміздегі экономиканың негізгі салаларын цифрландыру басталды, ал осы цифрландырудың өзі нені меңзейді? осының мәні неде екенін ауыл тұрғындары барлығы бірдей біле бермес. Бұл мәселені Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев үкіметтің кеңейтілген отырысында көтерген еді. Елбасы осы жиында Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаевқа цифрландырудың мақсатын түсіндіру үшін телеарналарда арнайы уақыт бөліду, орталық және облыстық газеттерде айдарлар ашуды тапсырды [2]. Осы тапсырмаларды орындау барысында қоғаммен байланыс мамандарының атқаратын қызметі зор екенін атап өткен жөн. Себебі мемлекеттік деңгейде жасалып жатқан реформалар халыққа тиісті дәрежеде жетпейді. Ал оны дұрыс ұйымдастырып, белгілі бір шаралар арқылы, ресми сайт пен әлеуметтік желілердің көмегімен ақпаратты сауатты түрде жазып, жаңашылдықтың артықшылықтарын анықтап, саралап, талдап ұсынып отыратын PR бөлімі немесе мемлекеттік мекемелерде баспасөз хатшылығы, ақпараттық қамтамасыз ету бөлімі немесе басқармасы, қорыта келгенде атаулары әр түрлі болғанымен атқарар қызметі бір. Егер осы жаңашылдықтар халыққа түсінікті тілде жеткізілмесе, жағдай мемлекеттік әлеуметтік медициналық сақтандырудың енгізілуі барысындағы кикілжіңдер қайталануы ықтимал. Сақтандыруға қатысты қоғам тарапынан қарама-қайшы пікірлер көп айтылып, ұсынылған сақтандыру жүйесі дау туғызғаны белгілі. Бір жағынан бұл қоғаммен байланыс қызметінің дұрыс атқарылмауынан да болса керек.

Бұл бағыттағы жұмысты бір жолға қою үшін не істеу керек? Осы ретте PR-жобаларын әзірлеп, PR-науқандарын жергілікті жердерде ұйымдастыру қажет. Мәселен, электрондық денсаулық паспорттары жасалмақ. Оның арқасында науқастардың өздері және дәрігер-

лер, денсаулық сақтау саласының басшылары мен қаржыландыру органдарының өкілдері де дер кезінде және нақты ақпаратпен қамтамасыз етіледі. Жоспар бойынша тиімділігі жақсы бастама. Бірақ осындай жоспардың бар екенінен хабардар адам кемде кем.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының ақпараттық жүйелерін электрондық денсаулық паспортымен интеграциялау қаражыны үнемдейді және медициналы қызмет сапасын арттыруға ықпал етеді. Сөз жүзінде жағымды айтылып, естіледі. Алайда бұл іс жүзінде қалай жүзеге асырылатыны күрделі процес. Ал осы ретте қоғаммен байланыс мамандары жұмыссыз қалмайтыны сөзсіз. Бұрын, яғни 1990 жылдары осы мамандықтың қыр-сырын екінің бірі түсіне бермесе, қазір сұранысқа ие манадықтың бірі.

Науқастың паспорты не екенін түсіндіру үшін бірнеше шараларды жүзеге асыру қажет деп есептеймін. Біріншіден азаматтың электрондық паспорты қандай мүмкіндік береді:

1. Азамат өзінің денсаулығына қатысты мәліметтерді бақылап отырады;
2. Азаматтың денсаулығына қатысты мәліметтерді медициналық қызметерлер де бақылап отырады;
3. Анықтама қағаздары электронды түрде болады, кез келген уақытта басып, шығарып алуына мүмкіндік бар.

Осы айтылғандардың барлығы ыңғайлы әрі тиімді. Бірақ бұл елдің маңызды деген салаларын цифрландыру бағдарламасында қамтылған. Енді Денсаулық сақтау министрлігінің мамандары мұны нақтылау қажет. Яғни мемлекеттік бағдарламада көрсетілген науқастардың паспортын жеке дара бөліп қарастырған жөн.

Жоғарыда көрсетілген паспорттың артықшылықтарын өңірлерден түсіндірген абзал. Бәлкім ол үшін қызмет көрсетуші компания таңдалынып алынуы мүмкін. Осы сияқты әр бір қадамды, бағдарлама аясында жасалатын әрбір шараның қалың көпшілікке, ақпарат құралдары, ресми сайт, әлеуметтік желілер арқылы түсінікті тілмен жеткізіп отыру қажет. Демек, халық үшін бұл жаңашылдықтың механизмі қажет.

Жалпы Денсаулық сақтау министрлігіне қатысты шағымдар әсіресе науқастарды дұрыс емдемеу, дәрігерлердің қателігі, дәрі-дәрмектің уақытында азаматтарға жеткізілмеуі, ауруханалардағы ұзын-сонар кезек, тиісті науқастарға, оның ішінде мүгедектерге қажет мөлшерде көмек көрсетілмеуі, жемқорлық сияқты шағымдар жиі түседі. Бұл тек ресми хат түрінде емес, министрдің жеке блогына, әлеуметтік желі, тіпті соңғы уақытта whatsapp арқылы жолданып жатыр. Бұл өз кезегінде министрліктің имиджіне кері әсерін тигізеді. Осының салдарынан құзырлы мекеменің қызметі тиісті деңгейде көрсетілмей, беделінің төмендеуін жоққа шығаруға болмайды.

Бұл ретте депутаттарда осы салаға байланысты өздерінің сыни пікірлерін жиі білдіріп отырады. Мәселен, Қазақстан Республикасының Парламенті мәжілісінде өткен үкімет сағатының бірінде Нұртай Сабиллиянов ауруханалар мен емханалардың жағдайын жеткізді. «Халыққа қолайлы жағдай жасалмаған, қолданыстағы ғимараттар ескі, тозған, жөндеу жұмыстары жүргізілмеген. Атап айтар болсам, ШҚО, Жарма ауданының орталығы Қалбатау ауылындағы аурухананың жөнделмегеніне 25 жыл болыпты. Үржар ауданының орталығында емхана жоқ. Үш дәрігерлік амбулатория қызмет көрсетеді. Оның өзінің бірінің ғимаратын алып алғансыздар. Осындай мәселелер қай уақытта шешіледі?», – деді депутат [3]. Депутат сонымен бірге аудандардағы, ауылдардағы медициналық кадр тапшылығына да тоқталды. Осындай мәселелер өңірлерде жиі кездесуі мүмкін. Ақиқатын айтар болсақ шалғай жатқан ауылдарда керсінше, өздерінің денсаулық сақтау мекемелерінің қызметін жетілдіріп, тіпті қымбат медициналық техникамен жабдықталып жатқаны қаншама. Алайда оны бұқара біле бермейді. Себебі әр денсаулық сақтау мекемесінде қоғаммен байланыс маманы немесе баспасөз хатшысы жоқ, оның үстіне ресми сайттарының жұмысы дұрыс жолға қойылмаған, ал әлеуметтік желілерде ресми парақшалары ашылмаған. Осы орайда саланың жақсы көрсеткіштерін жұртшылыққа жеткізу үшін осы жұмыстарды іске асы-

ру мақсатында шара қабылдаған жөн. Қазір ақпараттың дамыған заманы болғандықтан, сол үрдістен ауыл емханалары да қалыс қалмау керек. Осы ретте бірден мысал ретінде Павлодар облысының денсаулық сақтау басқармасы мен мекемелерін қарастырғым келеді. Жұмыс сапарымен Павлодар қаласына барғанымда облыстық балалар ауруханасында болдым. Осы мекеменің өзінің сайты мен әлеуметтік желілерде парақшалары бар екен және PR менеджер жұмыс істейді. Бұл әрине қуантарлық жағдай. Осы мекеме барынша ресми сайты арқылы интернетте жұмысты жүйелі түрде атқарып отыр. Бұл аурухана имиджіне оң ықпалын тигізеді. Бірақ бұл жерде осы іспен қай саланы маманы айналысады деген сауал туындайды. Себебі білікті журналист және қоғаммен байланыс мамандары аз жалақы үшін емханаларда жұмыс істегілері келмейді. Сондықтан денсаулық сақтау мекемелері тек осы саланың тілін білетін маманды емес, басқа саланың қызметкерін жұмысқа алуларына тура келеді. Мұны да түсінуге болады. Бірақ осы мамандардың білімін жетілдіру үшін семинарлардан өтіп алғандары маңызды және өздерінің жеке ізденулері қажет. Бұл ретте денсаулық сақтау мекемелеріне соңғы уақытта таралып кеткен стрингер-пиаршыны жұмысқа қабылдауға болады. Стрингер пиаршы әдетте өз бетімен жұмыс істейтін, өз қызметін интернет арқылы, жеке таныстары арқылы өзі ұсынады. Бірақ стрингер - пиаршы қызметінің жай пиаршыдан айырмашылығы ол - тәуекелшілікті талап ететін қызмет. Ол өз қызметінің стратегиясы мен маршрутын өзі белгілейді [4, 457 б.]. Осы стрингерлерді жалдаған мекемелер үшін қай жағынан болмасын ыңғайлы. Себебі жұмысты кәсіби маман аз жалақыға істеп отырады. Әсіресе өңірлерді осындай қосымша жұмыс іздеп жүрген осы саланың мамандары жеткілікті. Бұл PR қызметін бір жолға қоюдың бір амалы.

Ал маман бар деп есептейік. Ол не істеу керек? деген сауал туындайды. Әдетте көп жылдар денсаулық сақтау саласында жұмыс істеген менеджерлер осындай мамандарға қандай тапсырма беру керектігін білмейді, себебі бұрын мұндай жаңа медиалар болмаған. Сондықтан сіз қоғаммен байланыс маманы болсаңыз ширақ болуыңыз қажет. Сол үшін осы маманның атқаруы тиіс 5 негізгі жұмыс бағытына тоқталғым келеді.

Бірінші бағыт - ресми сайт. Ең маңызды рөл атқаратын мекеменің ресми сайты. Мэт Хейгтің «Электронный Public Relations» кітабында сайт алдына қойылатын нақты мақсатты айқындап алу туралы айтылған. Әр мекеме алдындағы мақсат, өз компаниясының имиджін жақсы қырынан қалыптастыру. Имиджі бірнеше жұмысқа байланысты. Оның ішінде ең маңыздыларының бірі сайттың жұмысы. Интернет ресурста жазылған мәтіндерге келесідей талап қойылуы керек:

1. Жеңіл оқылуы тиіс;
2. Қысқаша жазылуы керек;
3. Ресми емес;
4. Қате болмау керек.

Осы ретте сайттың атауы да маңызды. Егер аурухана болса неғұрлым қысқа және жеңіл қабылданатындай етіп атау керек [5, 41 б.]. Әдетте емханалар сайтының атауы келесідей жазылып жатады: Облыстық клиникалық арухуана okb.kz , облыстың онкологиялық диспансері ood.kz сияқты. Бұл ретте осы өңірлердегі барлық денсаулық сақтау ұйымдарының сайты стандартты түрде бірдей етіп жасаған абзал. Оған Павлодар облысын мысалға алуға болады. Өңірде денсаулық сақтау басқармасынан бастап, оған қарасты барлық денсаулық сақтау ұйымдарының сайттары бір түсте, біркелкі жасалған.

Кез келген ақпаратты іздеген адам ең алдымен сайтқа кіреді. Осы ретте өзім жұмыс істеген «ҚазМедТех» АҚ сайты мысалға алғым келеді. Компанияның жұмыс істегеніне 8 жылға жуықтады. Алайда алғашқы 6 жылда компания әсіресе өзінің күнделікті жұмыстарына назар аударып, қоғаммен байланысқа аса мән бермеді. Алайда 2016 жылы PR мамны ретінде қызметке кіріскеннен бастап, айтарлықтай өзгерістер енгізілді. Сайттың жаңа дизайны жасалды және ішкі құрылымы өзгерді. Басты мақсат мекеме медициналық техника-

ның лизингі қызметімен айналысатындықтан осыған дейін техниканың сипаттамасы мен бағасына қатысты өткізілген медициналық техниканы толықтай жаңа бөлімге енгіздік. Жобалар қарастырылатын инвестициялық комитеттің отырысын сайтта тікелей эфирде көрсете бастадық. Яғни бұл компанияның ашықтығын білдіреді. Лизинг калькуляторы құрылды, осы арқылы лизинг алушы мекеме қызметкерлері шамалап өздерінің ай сайынғы лизинг төлемдерінің көлемін санай алады. Ең бастысы сайтта күн сайын ақпараттар жаңартылып, компания қызметі туралы мақалалар үш тілде жарияланып отырады. Бұл сайт жұмысын жетілдіру бағытында қабылданған шаралардың бірқатары ғана. Мемлекеттік тіл мәртебесіне де ерекше көңіл бөлінген. Арнайы портал ашып, ішіне қазақтың дәстүрлеріне қатысты мақалалар жарияланып, мемлекеттік тілді меңгеру мақсатында қабылданған іс-шаралар туралы жазылып отырады. Осының арқасында мекеме сайты денсаулық сақтау мекемелері арасында өткен сайыста 2017 жылдың қорытындысы бойынша «Үздік сайт» аталымы бойынша жеңімпаз атанды.

Алайда біздің мекеме лизингтік бағытта жұмыс істейтіндіктен денсаулық сақтау ұйымдарының бұл бағыттағы жұмыс жүйесі өзгешелеу болуы ықтимал. Мәселен, әр мекеменің сайты болуы шарт. Осы ретте бұрын мекемелер тек «визитка», яғни таныстырылымдық деңгеймен шектелетін сайттар шығаратын болса, бүгінгі таңда тіпті портал да ашып жатыр. Портал науқаспен жұмысты оңтайландырады және мекеме үшін шығын азаяды. Екінші бағыт-әлеуметтік желілер. Осы сайттар арқылы әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларға көшу қазір әдетке айналды. Бұл үрдістен медицина мекемелері де қалыс қалмаулары қажет.

Екінші бағыт - әлеуметтік желі. 2004 жылы Марк Цукерберг негізін қалаған «Facebook» әлеуметтік желісі Қазақстанда үлкен танымалдыққа ие болды. 2008 жылы аталмыш желі әлемдегі ең танымал әлеуметтік желі деп танылды. Бүгінгі күнге дейін Цукерберг желісі көш басын ешкімге берген емес. Әр 20 минут сайын «Facebook» желісінде 1 миллион сілтеме таралса, сағат сайын 4,5 миллион адам осы желіде белгілі бір іс-шараға шақырту алады екен. Ал әрбір минут сайын мұнда 100 мың адам бір-бірімен «достасады». Орта есеппен әрбір қолданушы өз аккаунтына күніне 2 рет кіреді. «Facebook» желісі 1 жылдың ішінде 200 миллион қолданушы жинаған, ал телеөндіріске 60 миллион көрермен жинау үшін 13 жыл уақыт жұмсалған. Қазір кез келген смартфонда әлеуметтік желілерге қосылуға мүмкіндік бар. Әрбір секунд сайын 8 адам қандай да бір әлеуметтік желіге тіркеліп, жүйеленеді екен. Қолданушылардың 50 пайызы аптасына 1-5 сағатын әлеуметтік желілерге арнайды.

Ағымдағы жылдың ақпан айында «Media System» компаниясы «Brand Analytics» сервисі ұсынған мәлімет бойынша, елімізде 3,3 миллион адам әлеуметтік желілерді белсенді түрде қолданады. Қазақстандықтардың ең көп кіретін желісі – «ВКонтакте». Павел Дуров негізін салған «ВКонтакте» әлеуметтік желісіне күніне 43 миллион адам кіреді. Ал Қазақстандағы бұл желінің қолданушылары саны 1,9 миллион. Олар бір ай ішінде шамамен 45 миллион хабарлама жариялайды. Аталмыш ресейлік желіні біздің елімізде пайдаланушылардың 53,8 пайызы – ер адамдар болса, 46,2 пайызы – әйелдер.

Қазақстандық ғаламтор тұтынушылары арасында кең танылған әлеуметтік желілердің келесісі – «Instagram». Бұл желіні елімізде 1,3 миллион адам пайдаланады. Олардың 71,9 пайызы – әйелдер, қалған 28,1 пайызы – ер адамдар. Ал «Мой мир» желісінде 155,3 мың қазақстандық отырса, олардың 59,5 пайызы – әйелдер, 40,5 пайызы – ерлер. Бір кездері елімізде аса үлкен танымалдылыққа ие болған «Мой мир» желісін соңғы жылдары пайда болған өзге әлеуметтік желілер ығыстырып тастады. Десек те, бұл желі Цукербергтің «Facebook» желісінің алдын орап отыр. «Media System» компаниясының мәліметінше, Қазақстанда ең көп қолданылатын әлеуметтік желілер қатарында «Facebook» төртінші орында. Бұл желіні елімізде 25 пен 34 жас аралығындағы 125,8 мың адам қолданады [6].

Әлеуметтік желілер қолданушылар контенті, қауымдастық, ақпараттың тез таралуы мен екі жақты диалогтан тұрады. Өз ісінді ілгері жылжыту үшін ең әуелі тұтынушыға әлеуметтік желіні қалай пайдалану керектігін түсініп алған абзал. Осыған байланысты «Ұлағатты медицина» интернет-журналында келтірілген статистикаға көз жүгіртейік:

- Статистика бойынша тұтынушылардың 42% пікірлерді білу үшін әлеуметтік желіні пайдаланған;
- Тұтынушылардың 61% интернетте жасылған пікірлерге сенім артатындарын білдірген;
- Интернеттегі 18-24 жас аралығындағы азаматтардың 80% денсаулықтары жайлы ақпаратпен әлеуметтік желі арқылы бөлісуді қалайды екен;
- 75% тұтынушы денсаулық сақтау ұйымдарынан өздерінің хаттарына жауапты сол күні немесе одан аз уақыттың ішінде күтеді;
- Тұтынушылардың 45% әлеуметтік желі арқылы табылған ақпарат олардың шешіміне әсер ететінін білдірген. Тұтынушылар компанияларға қарағанда әлеуметтік желілерде белсендірек екенін ескерген жөн. Осы ретте «Ұлағатты медицина» интернет-журналы келесі кестені ұсынып отыр [7, 5 б.].

Мекемелерге арналған әлеуметтік желідегі жұмыс істеу тәсілі		
Тыңдаңыз	Пікірталастарға белсенді түрде бақылау жүргізіп, сараптама жасаңыз, осы арқылы проблема тұтынушы үшін қандай әсері бар екенін түсінуге тырысыңыз	- Наудастардың емдеу нәтижесіне мониторинг
Қатысыңыз	Тұтынушыға жедел ақпарат ұсынып отыруға тырысыңыз. Алайда тұтынушыларыңызға сізбен байланыста шығуды міндеттеудің қажеті жоқ	- Хабарламалармен бөлісу
Мәселеге үңіліңіз	Тұтынушылармен еркін түрде ақпарат алмасу үшін белсенді түрде ашық әңгімелесіңіз	- Тұтынушыларға қызмет көрсету, - Тұтынушы денсаулығына байланысты оқиғалар

Бұл халықаралық деңгейдегі денсаулық сақтау ұйымдарына арналған кеңестер. Алайда еліміздегі медицина мекемелері де осы тәсілді қолдана алады. Қалай болғанда да қолдануға тырысу қажет, себебі қоғам мұны талап етеді. Егер осы сұранысқа медицина мекемесі жауап бермесе, онда үнемі оның атына қара күйе жағылып отыруы ықтимал.

Үшінші бағыт-бренд. Бренд ағылшын тілінен аударғанда сауда белгісі деген мағынаны білдіреді. Бүгінгі таңда бренд ұғымы тек таңба емес, жалпы осы таңбаның астарындағы мән мағынасы. Қазір осы сөз жиі қолданыста болғанымен, медицина мекемелері бұған аса мән бере бермейді. Бірақ тұтынушы тарапынан сенім ұялату үшін, бренд маңызды рөл атқарады. Бірден Астана қаласындағы Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығын мысалға алғым келеді. Акционерлік қоғамды Пя Юрий Владимирович басқарады. Басқарғанда қандай, бұл мекемені танымал етуге тырысудың да қажеті жоқ. Басшының өзі мекеменің бренді болып отыр. Журналистердің өздері асыға сұхбат алуды қалайды. Көптеген дәрігерлерде өздерінің қабылдау бөлмелері бар, алайда Пя мырзаның қабылдауына барсаңыз бірден кіресіз, қабылдау бөлмесі жоқ. Осы мекеме сияқты өңірлердегі ауруханаларды да өз аймақтарына танымал дәрігерлер басқарып отыр. Бірақ олардың қызметін халыққа ақпарат құралдары арқылы жеткізе білу керек, басшылардың өзін брендге айналдыру жолында қызмет еткен абзал. Бас дәрігердің қатысуымен брифинг өткізіп, онлайн конференцияға шығып, бағдарламаларға қатыстыру арқылы мекеме брендин қалыптастыру қажет.

Төртінші бағыт - баспасөз конференциясы немесе брифинг. Әлемде қоғаммен байланыс мамандары баспасөз конференцияны өткізуді бұқаралық ақпарат құралдары арасындағы байланыс орнатудың ең тиімді тәсілі деп есептейді.

Баспасөз конференциясы — мекеме өкілдерінің тілшілермен арада ауызша коммуникация орнатуға арналған шара. Ең алдымен баспасөз конференциясына ақпарат құралдарының өкілдеріне шақырту жіберіледі, оны қазір біз баспасөз аңдатпасы деп атап жүрміз.

Кез келген мекеме баспасөз конференциясын компания қызметіне қатысты маңызды ақпараттарды қалың көпшілікке жеткізу мақсатында өткізеді. Осы ретте баспасөз конференциясының екі түрін бөліп қарастыруға болады: жоспарланған және шұғыл.

Шұғыл баспасөз конференциясы мекемеге келтірілген залалдың нәтижесінде немесе келеңсіз оқиға орын алса, оқыс оқиғаға байланысты өткізіледі. Ауруханалардың жағдайында шұғыл баспасөз конференциясын ұйымдастыруға негіз болатын жағдайлар: апат салдарынан науқастың жағдайы туралы хабарлау, сәтті немесе сәтсіз операциялар туралы халыққа жедел ақпарат жеткізу. Осы келеңсіздіктің алдын ала алмадық, алайда біз оның әсерін қысқартуға тырыстық деген ұстанымды ұстанған абзал. Осы жағдайда келесідей әрекет еткен маңызды: ♦ жедел қимылдау керек;

♦ тілшілерді шұғыл баспасөз конференциясына шақыру;

♦ басшы немесе баспасөз хатшысы шұғыл баспасөз конференциясын ашып, проблема бар екенін мойындап, дәл қазір одан төніп тұрған қауіп көлемін анықтаудың мүмкін еместігін айтуы тиіс және мәселені жою мақсатында қызметкерлер қандай шараларды іске асырып жатқанын айтып береді;

♦ тілшілерге алғаш хат жазған уақытта апат немесе келеңсіздікке байланысты мекеме барлық жауапкершілікті нақты себептер анықталғанша өз мойнына алатынын жеткізу;

♦ барлық зардап шеккендердің алдында кешірім сұрап, зардап шеккендер мен олардың отбасыларының алдында барлық моральдық және материалдық жауапкершілікті мекеме өз мойнына алатынын айту қажет.

